

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИА ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ
СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ
УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

THE FINANCIAL SYSTEM IN
THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC
DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

АСТАНА
ASTANA
2024

*Посвящается юбилею - 80-летию
Искаковой Загиры Дуйсембаевны*



***ИСКАКОВА ЗАГИРА ДУЙСЕМБАЕВНА
ISKAKOVA ZAGIRA DUYSEMBAYEVNA***

***ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР
ДОКТОР ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР
DOCTOR OF ECONOMIC SCIENCES, PROFESSOR***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международной научно-практической конференции

**«ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИ-
ВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»**

COLLECTION OF REPORTS

of the International scientific and practical conference

**«THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN»**

АСТАНА, 2024

ASTANA, 2024

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)
Қ 18

Редакциялық алқа:

Мақыш С.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

Жағыпарова А.О. - Экономика факультетінің деканы

Ажмухамедова А.А. - Экономика факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

Мажитов Д.М. - «Қаржы» кафедрасының профессоры

Бұлақбай Ж.М. - «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

Майдырова А.Б. - «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі

Сембиева Л.М. - «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі

Аманова Г.Д. - «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі

Мухияева Д.М. - «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

Искаков Б.М. - «Тұран-Астана» университетінің «Іскерлік басқару» кафедрасының профессоры

Қ 18 «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы= Международная научно-практическая конференция «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»= International scientific and practical conference «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» – Астана: ИП «Булатов А.Ж.» – 572 б.(с.) - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-934-0

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер жүргізген өзекті және проблемалық мәселелерді қамтитын авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, на тему «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» presents the results of original research on topical and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master degree students and undergraduates. The publication is intended for undergraduates, master and doctoral students, as well as for a wide range of readers studying current problems of modern science.

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)

ISBN 978-601-337-934-0

© Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті, 2024
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2024
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2024

МЕМЛЕКЕТТІҢ ЦИФРЛЫҚ САЯСАТЫ: Өңірлер арасындағы цифрлық теңсіздікті төмендету

Жұманова Қ.І.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: karlzhumanova@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада автор елдегі цифрлық саясаттың маңыздылығын ескере отырып, өңірлердегі цифрлық теңсіздіктің әлеуетін қарастырған. Цифрлық теңсіздіктің әлеуметтік-экономикалық дамуға тікелей әсер етуі өңірлер арасындағы диспропорциялардың күшеюіне әкеліп соғады. “Цифрлы Қазақстан” мемлекеттік бағдарламасы арқылы халықтың әл-ауқатын жақсату, экономикалық өсуді арттыру негізінде цифрлық теңсіздіктің жоғары болуы қолдағы бар ресурстарды қолдану қиындығын тудырады. Автор өңірдегі цифрлық саясаттың көрсеткіштерін талдай отырып, бірқатар мәселелер қатарын анықтады және елдің цифрлық жүйеде еркін қозғалуы үшін ұсыныстар тізбегін көрсетті.

Аннотация. В этой статье автор рассмотрел потенциал цифрового неравенства в регионах, учитывая важность цифровой политики в стране. Прямое влияние цифрового неравенства на социально-экономическое развитие приводит к усилению диспропорций между регионами. Высокое цифровое неравенство на основе улучшения благосостояния населения, повышения экономического роста через государственную программу “Цифровой Казахстан” создает трудности в использовании имеющихся ресурсов. Анализируя показатели цифровой политики в регионе, Автор выявил ряд проблем и показал последовательность предложений для свободного перемещения страны в цифровой системе.

Annotation. In this article, the author examined the potential of digital inequality in the regions, given the importance of digital policy in the country. The direct impact of digital inequality on socio-economic development leads to increased disparities between regions. High digital inequality based on improving the welfare of the population, increasing economic growth through the state program “Digital Kazakhstan” creates difficulties in using available resources. Analyzing the indicators of digital policy in the region, the author identified a number of problems and showed a sequence of proposals for the free movement of the country in the digital system.

Кілт сөздер: цифрлық теңсіздік, цифрлық сауаттылық, цифрлық қызметтер, цифрлық инфрақұрылым, АКТ.

Цифрлық технология – кез келген цифрлық салаға қатысты міндеттер мен құқықтар жиынтығы, цифрлық технолоиялар көмегімен азаматтар, мемлекеттік басқару және кәсіпорындар арасындағы байланысты жеңілдетуге негізделген. Цифрлық әлемде азаматтар мен кәсіпорындар мемлекеттік жүйеде барлық деректерге, құжаттарға цифрлық режим арқылы еркін қол жеткізе алады. Технология қарқынды дамыған заманда цифрлы әлемнің орны басым, сол себепті де нарық инновациялық цифрлық дағдыларды қажет етеді.

2018 жылы “Цифрлы Қазақстан” мемлекеттік бағдарламасы іске қосылған болатын, бағдарламаның негізгі мақсаты – еліміздің экономикалық дамуын арттыру, халықтың өмір сүру сапасын арттыру. Бағдарлама негізінен 5 бағытты қамтыған: экономика саласын цифрландыру, цифрлы мемлекетке көшу, инновациялық экосистема құру, адами капиталды дамыту және цифрлық Жібек жолын құрастыру[1]. Соның негізінде цифрлы мемлекетке көшу маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Цифрлы мемлекетке көшу үшін елдегі цифрлық теңсіздік көлемін төмендету қажет.


Цифрлық теңсіздік – ақпараттық технологияларға қол жетімділіктің айырмашылығын және цифрлық ресурстарды пайдалану мүмкіндігін көрсетеді. Ол интернетке, компьютерлерге, білім беру ресурстарына және мемлекеттік қызметтергі алуда шектеулі қол жетімділікті қамтиды және популяциялар арасында алшақтық тудырады.

Қазақстанда, басқада көптеген елдердегідей, цифрлық теңсіздік әлеуметтік саралаудың

маңызды аспектілерінің бірі. Цифрлық технологилардың қарқынды даму жағдайында оларға қол жетімділікте және оларды халық арасында пайдалану деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтар туындайды. Бұл қоғамның белгілі бір топтары цифрлық ресурстар беретін артықшылықтардан алшақ болу мүмкіндігін туындырады.


Жоғары аталып өткен цифрлық сауаттылық деңгейі қоғамның цифрлық құралдарды қолдануын және мемлекет ұсынатын цифрлық қызметтерді пайдалана алуын көрсетеді. Соңғы 3 жылда елдің цифрлық сауаттылығы өсу процесінде, соның ішінде облыстар бойынша Ұлытау, Алматы қалалары 91,8 және 91,9 көрсеткіштерімен көш бастап тұр. “Цифрлы Қазақстан” мемлекеттік бағдарламасы барысында 2022 жылы 83%-ға қол жеткізуді мақсат еткен. 2022 жылы еліміздің цифрлық сауаттылық деңгейі 88,3%-ға жетеді, бірақ жалпы елдің көрсеткіші оң болғанымен, өңірлер арасындағы алшақтық кері әсер етуде. Соның ішінде ең төменгі көрсеткіш – Абай облысы 79,9%, СҚО және БҚО 82%, Ақмолада 83,1%-ды көрсетіп тұр. Бұл дегеніміз бағдарламадағы мақсаттың өңірлер арасында межелі деңгейіне жетпегендігін көрсетеді[2].

Бұл өңірлерде цифрлық жағдайда төмен болуына тариф бағаларының жоғары болуы, жергілікті жерде қолжетімсіздігі және Интернетке арналған жабдық бағаларының жоғары болуы әсер еткен. Өңірлердегі цифрлық сауаттылықтың төмен болуына әсер ететін негізгі “көзі” - ауыл мен қала арасындағы теңсіздіктің өсуі, яғни ауыл тұрғындарының Интернетке қолжетімсіздіген туындаған.



Сурет 1 – 2022 жылдағы 6 және 74 жас аралығындағы цифрлық сауаттылық деңгейі өңірлер аралығында, %. Ескерту - [2] деректер негізінде автормен құрастырылған.

Соңғы деректерге сүйенсек, елімізде 6295 ауылда 7,5 млн тұрғын өмір сүреді, бұл жалпы халық санының 38%-ын құрайды. Ұлттық статистика Бюросының деректері бойынша осы жылы 1 айда 1 қала тұрғыны 13 400 теңге, ал 1 ауыл тұрғыны 1 480 теңге шамасында төлеген. Яғни, ауыл халқы интернетті қолданғанды ұнатпайды емес, мүмкіндіктің болмауынан қажет ете бермейді. 2 мыңға жуық елді мекендерде тек 3G ғана көрсетеді, ал ауыл халқының үштен бірі мобильді интернетке мүлдем қосылмаған. Жыл басынан бері ақпарат және байланыс бойынша 5 мыңға жуық шағым түскен. Шағымдардың негізгі тамыры - интернеттің “әлсіздігі” немесе мүлдем жоқтығы[3]. Батыс Қазақстан облысында жалпы 416 ауылдық мекеннің 379-ында 2G, яғни дауыстық қоңырау соғу мүмкіндігімен қамтамасыз етілген, қалған 37 ауылда Интернет талшықтары қолжетімді емес деген қорытындыға келуге болады. Мемлекеттік қызметті қолдану үшін тұрғындар мектепке немесе көрші елді мекендерге “жүгіреді”.



Сурет 2 – Соңғы 3 жылдағы қала және ауыл халқының интернет қолданушыларының үлесі, %.
Ескерту - [2] деректер негізінде автормен құрастырылған

2-сурет бойынша еліміздің ауылдық жерлерінде интернет қолданушылар жыл сайын 2-4 %-ға өскен. Себеп ретінде цифрлық теңсіздікті төмендетуге “Қолжетімді интернет” ұлттық жобасы – цифрлық инфрақұрылымды дамытуға және еліміздің әртүрлі өңірлерінде, соның ішінде шалғайдағы және халқы аз аумақтарда жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған бастама болып табылады. Жобаның негізгі мақсаты – халық саны 250-ден асатын барлық елді мекендерге ең төменгі жылдамдығы 50 Мбит/сек интернетке қол жеткізу. Бұл цифрлық теңсіздікті азайтуға және өңірлік қауымдастықтардың дамуына ықпал етеді[4]. Жоба аясында АҚ “Kcell”, Tele2/Altel және ЖШС “Кар-Тел” ұялы байланыс операторлары жүзеге асыруда. 3 жылда Kcell 468 базалық станция және 550-ге жуық жеке желілерді ауылдық жерлерге орнатты. Соның ішінде: 45 АЕМ 3G және 3G/4G-мен, 59 АЕМ кең жолақты интернетпен қамтамасыз етілді[5]. Жалпы 900 мыңға жуық адам 3G-мен, 660 мыңға жуық адам 3G/4G-мен қамтамасыз етілді АҚ «Kcell» 213 ауылды интернетпен қамтамасыз етіп, 212 базалық станция орнатты. Нәтижесінде желілерге шамамен 670 мың адам қол жеткізді.

Мемлекеттік қызметтерді толық ұсыну, мемлекеттік органдарда цифрлық жұмыстарды ұйымдастыру және оңтайландыру, персоналды оқыту үшін жыл сайын бюджеттен атаулы салаға қаржы бөлінеді. Соңғы 3 жылда мемлекеттік басқару ұйымдарын есепке алғанда ақпараттық-коммуникациялық технологияларға жұмсалған шығындар көлемі өсіп отырған: 2020 жылы – 388 млрд теңге, 2021 жылы – 443 млрд теңге, 2022 жылы – 589 млрд теңге[2].



Сурет 3 – 2022 жыл бойынша АКТ-ға жұмсалған шығындар үлесі, %.
Ескерту - [2] деректер негізінде автормен құрастырылған

3-суретте көріп отырғанымыздай, жартысынан көп шығыстардың үлесі бөгде ұйым мен маман көрсеткен қызметтерге жұмсалады – 250 млрд теңге, келесі екінші орында 22% үлеспен лицензия арқылы қолданылатын бағдарламаларды сатып алу – 85,2 млрд теңге және ең аз бөлігі персоналды оқытуға – 14,4 млрд теңге, ал бағдарламаларды өз бетінше қамтамасыз етуге 44,1 млрд теңге жұмсалған[2].

Өңірлер арасында цифрлық теңсіздіктің артуына әсер еткен мәселелер қатары:

- жергілікті цифрлық инфрақұрылымның толық жетілмегендігі;
- цифрлық технологияларды қолдану тиімсіздігі;
- білім беру жүйесінде цифрлық дағдылардың дамымауы;
- өңірлер, соның ішінде АЕМ-де интернет желілерінің бірыңғай тартылмауы.

Кесте 1 – Елдегі цифрлық теңсіздікті жою үшін қажетті шаралар. Ескерту - автормен құрастырылған.

Бағыттары	Шешу жолдары
Цифрлық инфрақұрылымды дамыту	- шалғай өңірлерде интернетке қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін жаңа телекоммуникациялық желілерді құру; - табысы төмен адамдарға қол жетімді ету үшін интернетке кіру құнын төмендету;
Цифрлық білім беру бағдарламаларын жүргізу	- мектептегі және кәсіптік оқытудағы цифрлық дағдыларды қосу; - ересектерге арналған цифрлық оқыту бағдарламаларын жасау;
Цифрлық теңсіздікті азайтуға бағытталған саясатты әзірлеу	- кедейлік пен теңсіздік деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдау; - барлық адамдар цифрлық дағдыларды дамыту үшін тең мүмкіндіктерге ие болу үшін білім сапасын жақсарту; - барлық адамдар жасына, жынысына, физикалық мүмкіндіктеріне немесе басқа факторларына қарамастан цифрлық технологияны қолдана алатын инклюзивті қоғам құру;

Қазақстанда неғұрлым әділ және инклюзивті цифрлық қоғам құру үшін цифрлық ресурстарға қолжетімділікті кеңейтуге, цифрлық білім беруге және халықтың барлық топтары үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге назар аудару маңызды. Цифрлық теңсіздік толығымен жою мүмкін болмаса да, елімізде теңсіздікті біртіндеп төмендетсек, цифрлық мемлекетке көшу процесі де жеңілдей түсетін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. “Цифрлы Қазақстан” мемлекеттік бағдарламасы. URL: Цифрлық Қазақстан (www.gov.kz)
2. Ұлттық статистика бюросы – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және байланыс статистикасы. URL: Салалар - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы (stat.gov.kz)
3. В Казахстане ликвидируют цифровое неравенство между городом и селом. URL: В Казахстане ликвидируют цифровое неравенство между городом и селом ► новость от 10:02, 22 мая 2023 на zakon.kz
4. "Қолжетімді интернет" ұлттық жобасы. URL: Нацпроект «Доступный интернет»: Казахстанцев обеспечат доступом к интернету со скоростью не менее 100 Мбит/с (www.gov.kz)
5. Шеринг ради села: сотовые операторы Казахстана договорились о совместном использовании сетей в рамках проекта «250+». URL: Шеринг ради села: сотовые операторы Казахстана договорились о совместном использовании сетей в рамках проекта «250+» | Новость №32202 (telecom.kz)

УДК (334.02)

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА И ГОСУДАРСТВА В КОНТЕКСТЕ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ КАЗАХСТАНА

Имашев Айдын Бадуанович

магистрант, учреждение «Esil University», г. Астана,
Республика Казахстан

E-mail: aidynbk55@gmail.com

научный руководитель: Имашев Айбек Бадуанович, и.о. доцента кафедры «Менеджмент»
учреждения «Esil University», доктор философии Ph.D

Аннотация. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Орталық Азиядағы қарқынды дамып келе жатқан елдердің бірі болып табылады. Тиімді әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру мемлекеттік билік органдарының басты міндеттерінің бірі болып табылады, ал оның табысты нәтижесі көбінесе азаматтық қоғам мен мемлекеттің өзара іс-қимылына байланысты. Мақалада Экономикалық даму жағдайындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық саясатының өзекті мәселелері және тиісті нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруды ескере отырып,